

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 152 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 маусымда № 9-5-91 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 "Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына сәйкес, Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі № 157 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" (2009 жылғы 27 сәуірдегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 3677 болып тіркелді) қаулысы негізінде Алтынсарин ауданының ә к і м д і г і **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер жынысты азаматтарды, шақырудан кейінге қалдырылу құқығынан айырылған немесе шақырудан босатылған, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызметті өтемеген азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуы 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын және өткізілуі қамтамасыз етілсін.

2. Мерзімді әскери қызметке 2009 жылы шақыруды жүргізу кестесі қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2009.09.02 № 233 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)

қ а у л ы с ы м е н .

3. Селолық округтер мен селолардың әкімдері шақыруды өткізу кезеңінде шақырылушыларды Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне хабардар етуді және уақытылы келуді ұйымдастырсын және қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. "Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының Алтынсарин аудандық орталық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігеріне (Ж.Қ. Куанова) (келісім бойынша) шақыруды өткізу кезеңінде ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын:

1) шақыру учаскесін дәрігер–мамандар және орта буын медициналық қызметкерлермен ж а б д ы қ т а у ;

2) стационарлық тексеру үшін орындармен қамтамасыз ету.

5. "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысы ішкі істер департаментінің Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (Б.А. Шубаев) (келісім бойынша) шақыруды жүргізу кезеңінде медициналық және шақыру комиссиясынан өту кезеңінде шақырылушылар арасында қоғамдық тәртіпті қолдау үшін Алтынсарин аудандық орталық ауруханасына полицияның екі қызметкерін бөлу ұсынылсын.

6. "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды мерзімді әскери қызметке 2009 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында азаматтарды кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шараларды 2009 жылға арналған көзделген қаражаттар шегінде қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі № 66 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына 2008 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында азаматтарды кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысының күші жойылды деп есептелсін (мемлекеттік тіркеу нөмері 9-5-65, 2008 жылғы 16 сәуірдегі № 15 "Таза бұлақ – Чистый родник" газетінде жарияланған).

8. Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 сәуірдегі № 113 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан–желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулының күші ж о й ы л с ы н .

9. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары К.Ғ. Таңқыбаевқа жү к т е л с і н .

10. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткен соң кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы сәуірден бастап қолданысқа таратылады.

[illegible]

3	Докучаев селолық округі	63	25						38								
4	Красный Кordon селосы	29					13					16					
5	Лермонтов селолық округі	34	22					12									
6	Маяковский селолық округі	23					7			16							
7	Новоалексеев селолық округі	42			18						6	24					
8	Приозерный селолық округі	10		4													
9	Свердловка селосы	19				7					12	43					
10	Силантьев селолық округі	79				36											
11	Обаған селосы	21		9					12								
12	Щербаков селолық округі	70		35				35									
	Барлығы:	500	47	48	50	43	33	47	50	43	50	49	40				